



майор полиции Капышев Б.О.



Утверждаю
директор КГУ ОСИКОР
Е.Б. Жапаров

2022-2023 оқу жылына оқушылар арасында бұзушылықтардың алдын алу бойыша
бірлескен ОРММИК және ОМПС СОП УП жұмыс жоспары
План совместной работы ОСИКОР и ОМПС СОП УП
по профилактике правонарушений среди учащихся
на 2022-2023 учебный год

№	Әрекеттер Мероприятия	Мерзімі Сроки	Жауапты Ответственные
1	2022-2023 оқу жылындағы алдын алу Кенесі жұмыс жоспарын бекіту Утверждение плана работы Совета профилактики на 2022-2023 учебный год	қыркүйек сентябрь	ТДЖ орынбасары/зам. по ВР, әлеум.педагог/соц.педагог инспектор
2	Тәуекелге ұшыраған балаларды анықтау Выявление детей группы риска	жыл бойы в течение года	психолог әлеум.педагог/соц.педагог инспектор
3	Құқықтық білімді насихаттау Пропаганда правовых знаний среди уч-хся	жыл бойы в течение года	әлеум.педагог/соц.педагог инспектор
4	Жол ережелері туралы әңгімелер Беседы по ПДД	қараша ноябрь	инспектор
5	Қоғамдық тәртіпті қорғау мәдени іс- шаралар жүргізу кезінде Охрана общественного порядка при проведении культурно-массовых мероприятий	жыл бойы в течение года	ТДЖ орынбасары /зам. по ВР, әлеум.педагог/соц.педагог тәрбиешілер/воспитатели, инспектор
6	«Ата-аналардың жауапкершілігі» «Балалардың құқықтары» тақырыбы бойынша дәріс сұхбат Лекция-беседа на темы: «О правах детей» «Об ответственности родителей»	қантар январь	ТДЖ орынбасары/зам по ВР инспектор әлеум.педагог/соц.педагог
7	Қылмыс пен кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтардың алдын алу Профилактика преступлений и правонарушений среди несовершеннолетних.	ақпан февраль	әлеум.педагог/соц.педагог инспектор
8	Кешкі уақытта интернатта балаларды бақылау Контроль по вечерам за детьми в интернате	жол бойы в течение года	инспектор тренеры/жаттықтырушы зам.рук по спорту/спорт жұмысы жөніндегі басшының орынбасары

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ
СПОРТ БАСҚАРМАСЫ

«БӨГЕНБАЙ БАТЫР АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ОЛИМПИАДАЛЫҚ РЕЗЕРВТИҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

УПРАВЛЕНИЕ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЛАСТНАЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖ
ОЛИМПИЙСКОГО РЕЗЕРВА ИМЕНИ
БОГЕНБАЙ БАТЫРА»

БҰЙРЫҚ

Степногорск к

2023 21.09. № 96-БМ

Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі туралы ереже негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылдарына алдын алу кеңесін құру.
2. Алдын-алу кеңесі туралы ережені бекіту.
3. 2023-2024 оқу жылдарының алдын-алу кеңесінің келесі сандық және атаулы құрамын бекіту:

Алдын-алу кеңесінің төрағасы- ООРММИК директоры – Жапаров Е.Б.

Алдын-алу кеңесінің мүшелері:

директордың ОСЖ жөніндегі орынбасары – А.А. Ковальчук;
директордың ОЖ жөніндегі орынбасары – Ж.Г. Шарипова;
директордың ТЖ жөніндегі орынбасары – Н.Т. Сунгубаева;
директордың ОӨ жөніндегі орынбасарының м.а. – Н.С. Бектұрсынова;
элеуметтік педагог – Д.Ж. Мұхтарова;
спорт әдіскері – А.К. Рахимжанова;
тәрбиеші – Д.К. Ташмағанбет

4. Бұл бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор

Е.Жапаров

мақсатта Сунгубаева Н.Т. С.Т.У.
мақсатта Ковальчук А.А. К.Ф.
тапсырма Мухтарова Д.Ж. С.М.
мақсатта Рахимжанова А.К. С.М.
Ташмағанбет Д.К. С.М.

БЕКІТЕМІН

ООРММИК директоры

Бөгенбай батыр атындағы

 Е.Б. Жапаров

«» 2023ж

Құқық бұзушылықтың алдын – алу кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

1.2. Алдын алу кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Алдын алу Кеңесінің құрылымы және жұмысын ұйымдастыру

2.1. Мектептің алдын алу Кеңесінің құрамы:

а) алдын алу Кеңесінің төрағасы - мектеп директоры;

б) алдын алу Кеңесінің хатшысы;

в) алдын – алу кеңесінің мүшелері: әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары.

2.2. Алдын – алу Кеңесінің жұмысына ПО қызметкерлері, медицина қызметкерлері, жергілікті әкімшіліктің өкілдері (шакырылғандар ретінде) қатыса алады.

2.3. Алдын – алу Кеңесінің жұмысына басшылықты кеңес төрағасы - мектеп директоры жүзеге асырады.

2.4. Алдын-алу Кеңесінің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

2.5. Кеңестің шешімдері дауыс беру жолымен (көпшілік дауыспен) қабылданады.

2.6. Алдын алу Кеңесі отырысының барысы және қабылданатын шешімдер хаттамаланады.

2.7. Алдын алу Кеңесінің сандық және атаулы құрамы педагогикалық кеңесте бекітіледі және әр оқу- жылына мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді.

3. Алдын – алу Кеңесі қызметінің принциптері, мақсаттары мен міндеттері

3.1. Алдын алу Кеңесінің қызметі қағидаттарға негізделеді:

- заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға адамгершілік қатынас;

- кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке көзқарас;

- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

3.2. Алдын – алу кеңесі - алкалы орган, оның мақсаты әлеуметтік қауіпті құбылыстардың (қадағалаусыз қалу, құқық бұзушылықтар, қоғамға жат

әрекеттер) профилактикасын жүргізуді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асыру.

3.3. Алдын – алу Кеңесі қызметінің негізгі міндеттері:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, олардың қылмыстар, құқықбұзушылықтар, қоғамға жат әрекеттер жасауын анықтау және жою;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық қоналту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу.

4. Өздеріне қатысты жеке профилактикалық жұмыс жүргізілетін адамдар санаты.

1.1. Алдын алу кеңесі кәмелетке толмағандардың мынадай санаттарына қатысты жеке тұлғалар профилактикалық іс-шаралар жүйесін ұйымдастырады және жүргізеді: қараусыз, панасыз, қаңғыбастыққа бейім; психоактивті заттарды пайдаланатын: ішкі істер органдарында есепте тұрған, қоғамға жат әрекеттер, құқық бұзушылықтар, қылмыстар жасағаны, мектеп Жарғысын бұзғаны үшін.

1.2. Алдын алу кеңесі ата-аналарға және оларды алмастыратын адамдарға қатысты, егер олар кәмелетке толмағандардың жоғарыда аталған санаттарын тәрбиелеу, оқыту немесе күтіп-бағу жөніндегі өз міндеттерін орындамаса, жеке профилактикалық жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді. Мұндай жұмыс кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына теріс әсер еткен немесе оларға қатыгездік көрсеткен жағдайда да жүргізіледі.

2. Алдын алу Кеңесі жұмысының мазмұны мен нысандары.

2.1. Алдын алу кеңесі аналитикалық қызметті жүзеге асырады: мектеп оқушыларының тәрбиесі мен құқық бұзушылық деңгейін зерделейді; мектептің профилактикалық қызметінің жай-күйін, өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін зерделейді; мінез-құлқында ауытқуы бар балаларды анықтайды; оқушылардың қоғамға жат мінез-құлқының себептерін айқындайды.

2.2. Алдын алу кеңесі оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша тікелей қызметті жүзеге асырады; қоғамға жат мінез-құлқы бар оқушылардың дербес істерін қарайды; оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстың бағдарламасын (жоспарын) айқындайды және оны мектеп директорына бекітуге ұсынады; қажет болған жағдайда оқушыны немесе оның ата-анасын мамандарға (психологқа, дефектологқа, медициналық, әлеуметтік қызметкерге) консультацияға жібереді және т. б.); оқушыны мектепте мектепшілік есептен шығаруды жүзеге асырады, әртүрлі есептерде тұрған

оқушыларды балаларға арналған қосымша білім беру бірлестіктеріне (үйірмелер, секциялар), ұжымдық шығармашылық істерді, іс-шараларды өткізуге, жазғы сауықтыру науқанына, мектепте, қалада жұмыс істейтін еңбек бірлестіктеріне тартады; өз отырыстарында сынып жетекшілерінің, жеке алдын алу жұмыс өткізуге тартылған педагог қызметкерлердің есептерін тыңдайды, оқушылармен жеке алдын алу жұмысты өткізудің мерзімін айқындайды.

2.3. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады: тиісті ұйымдардың алдына балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды заңнамада белгіленген жауапкершілікке тарту туралы мәселе қояды; жүргізіліп жатқан жұмыста оң нәтижелер болмаған кезде бұл туралы мектеп директорына хабарлайды, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның жеке профилактикалық жұмыс жүргізу туралы қаулысын қабылдауға «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңына сәйкес мамандарды тартыпбастамашылық жасайды; кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мен ішкі істер органдарының алдында ақталған оқушыларды мерзімінен бұрын есептен шығару туралы өтініш жасайды.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Алдын алу кеңесі міндетті:

- ПО-мен өзара іс-қимыл жасауға;
- оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша мектеп жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етуге;
- «тәуекел тобына» жататын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізуге;
- оқушылардың, осы оқушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың дербес істерін қарау жөніндегі алдын алу Кеңесінің отырысына шақыруға;
- мұғалімдер мен ата-аналар ұжымы үшін консультациялық-ақпараттық қызметті жүзеге асыруға;
- қабылданатын шешімдердің орындалуын бақылауға;
- өз қызметін талдап, жылына бір рет педагогикалық кеңестерде оның нәтижелері туралы есеп беруге.

3.2. Алдын алу кеңесі құқылы:

- мұғалімдерге, ата-аналарға жасөспірімдердің мінез-құлқын түзету және олармен профилактикалық жұмыс жүргізу мәселелері бойынша жеке және ұжымдық ұсыныстар беруге;
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық проблемасының жай-күйі туралы ақпаратты ата-аналар жиналыстарына талқылауға шығаруға;

- кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі қалалық/аудандық комиссияның алдында оқушылар мен олардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға қатысты заңда белгіленген тәртіппен ықпал ету шараларын қабылдау туралы өтінішхат беруге міндетті.

4. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құжаттамасы:

4.1. Мектептің алдын алу кеңесін құру туралы бұйрығы.

4.2. Алдын алу Кеңесі отырыстарының хаттамалары, отырыс материалдары.

4.3. Мектепте, ПО-да есептің әртүрлі түрлерінде тұратын оқушылардың тізімі.

Жыл сайын тізімдер тексеріледі, жаңартылады.

4.4. Алдын алу кеңесіне шығарылатын материалдар.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес отырыстарының хаттамалары (білім беру ұйымдарында алдын алу кеңестерін хаттамалау үшін екі нұсқа ұсынылады):

1. Әрбір хаттама компьютерде басылады, папкаға жиналады, оқу жылының соңында барлық хаттамалар жиналады және тігіледі, артында мектеп директорының мөрі мен қолы қойылады.

Алдын алу Кеңесінің жұмыс регламенті

4.5. Алдын алу кеңесі айына 1 рет жиналады / төтенше жағдайларды қоспағанда.

4.6. Алдын алу Кеңесінің отырыстары хаттамамен ресімделеді, кеңестерге шығарылатын материалдар жүйеленеді және 5 жыл сақталады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

Жұмыстың мақсаты: қиын әлеуметтік, отбасылық, педагогикалық және өзге де жағдайларға тап болған балаларға, жасөспірімдерге және олардың отбасыларына уактылы және білікті көмек көрсету.

Жұмыстың міндеттері:-Кәмелетке толмағандардың проблемаларын шешуде әлеуметтік-педагогикалық және басқа құрылымдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

- кәмелетке толмағандардың табысты әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау, олардың шығармашылық әлеуметін және өмірлік өзін-өзі анықтауын ашу;
- кеңес отырысында қаралатын балалар мен жасөспірімдер мен олардың отбасыларына әлеуметтік патронаж ұйымдастыру;
- білім беру мекемесінің балалары мен жасөспірімдерінің мінез-құлқы мен қызметіне мақсатты педагогикалық, психологиялық, құқықтық ықпал етуді қамтамасыз ету.

№ р/б	Күні	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрлері	Орындауға жауапты
1	Қыркүйек	Алдын алу Кеңесінің ережесімен танысу; Алдын - алу кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау.	Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің отырысы.	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; Мектептің әлеуметтік педагогі
2		«Деректер банкі» жаңарту және түзету, әлеуметтік топтардың құрамын жаңарту, КТІБ, МІБ есебінде тұрған оқушыға әлеуметтік паспорт жасау	Оқушылардың жеке істерін зерттеу. «Тәуекел тобындағы» балаларды, басқа да әлеуметтік топтарды анықтау, жаңадан келген оқушылармен әңгімелесу.	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; Мектептің әлеуметтік педагогі; Психолог; 7-11 сыныптардың сынып жетекшілері
	Қазан			
1	Ай бойынша	- Жаман әдеттер мен құқық бұзушылықтардың алдын алу. - Құқық бұзушылыққа бейім балаларды анықтау. - Әлеуметтік қауіпті жағдайға тап болған отбасыларды анықтау.	Сынып жетекшілерінің ӘБ – де сөз сөйлеу	Әлеуметтік педагог; Психолог; ҚЮП өкілдері

2	Ай бойынша	Сынып жетекшілерінің КТІБ, МІБ (мектепшілік бақылау) және тәуекел тобының (үйірмелер, секциялар) есебінде тұрған оқушылардың бос уақытында жұмыспен қамтылуы туралы ақпараты.	Оқушылармен жеке жұмыс (әңгімелесу, сауалнама, заңды өкілдерімен жұмыс)	Әлеуметтік педагог; Сынып жетекшілері Үйірме, секция жетекшілері
3.	Ай бойынша	КТІБ инспектордың алдын алу кеңесінің мүшелерімен және сынып жетекшілерімен «тәуекел тобы» балаларының жаңұяларына МІЕ және КТІБ есебінде тұрған бірлескен рейдтері.	Жоспарлы рейдтерді өткізу	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; КТІБ өкілдері, сынып жетекшілері
4	Ай бойынша	- Анықталған оқушылар мен «тәуекел тобының» отбасылары туралы ақпарат; әртүрлі есепке алу түрлеріне қою. - Есепте тұрған оқушылардың жұмыспен қамтылуы.	Кеңестің отырысы, Әлеуметтік педагогтің есебі	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; ҚЮП инспекторы
	Қараша			
1	Ай бойынша	Ведомствоаралық ұйымдармен құқық бұзушылықтың алдын алу және ПБЗ қолданудың алдын алу бойынша бірлескен профилактикалық жұмыс.	Оқушылармен және ата-аналармен ұжымдық және жеке жұмыс.	Әлеуметтік педагог; Психолог; Сынып жетекшілері КТІБ өкілдері
2	Ай бойынша	КТІБ мектеп инспекторының алдын алу кеңесінің өкілдерімен және сынып жетекшілерімен "тәуекел тобы" балаларының жаңұяларына, МІЕ-ке және КТІБ есебінде тұрған, қолайсыз отбасыларға бірлескен рейдтері.	Жоспарлы рейдтерді өткізу	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
3	Ай бойынша	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.	Алдын алу Кеңестің жоспарлы отырысы	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
	Желтоқсан			
1	Ай бойынша	Тәуекел тобындағы оқушылармен профилактикалық сипаттағы жеке әңгімелер өткізу	Оқушылармен және ата-аналармен ұжымдық және жеке жұмыс.	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері

2	20.12.23	«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» дәрісі	Оқушылармен ұжымдық жұмыс.	Әлеуметтік педагог
3	Ай бойынша	Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуын анықтау және заңды өкілдердің өз міндеттерін орындамауы бойынша «ТТ» оқушыларының отбасыларына жоспарлы рейдтер жүргізу.	Жоспарлы рейдтерді өткізу	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
4.	22.12.23ж.	Дәлелсіз себептермен сабаққа қатыспайтын оқушылармен жұмыс	Алдын алу Кеңестің жоспарлы отырысы	Сынып жетекшілері; Пән мұғалімдері; ТЖ, ОТЖ жөніндегі директордың орынбасарлары; Психолог Әлеуметтік педагог
	Қаңтар			
1	16.01.23	Оқушыларға арналған белсенді заттарды қолданудың зияны туралы дәріс	Оқушылармен ұжымдық жұмыс.	Наркологиялық орталықтың қызметкері
2	Ай бойынша	Профилактикалық сипаттағы жеке әңгімелер өткізу. Мектеп оқушылары арасында бейресми бірлестіктерді анықтау, девиантты мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау бойынша жұмыс.	Оқушылардың бейімділігін анықтау. Сабаққа қатысу, жеке оқушылардың мінез-құлқын бақылау.	Әлеуметтік педагог; Психолог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
3.	26.01.23	Мектептегі тәртіпті үнемі бұзатын, оқушылармен жұмыс.	Алдын алу кеңесінің жоспарлы отырысы	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог; сынып жетекшілері
	Ақпан			
1	Ай бойынша	Дәріс «Терроризм. Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарламалар жасауға жол бермеу».	Оқушылармен ұжымдық жұмыс.	ҚЮП инспекторы
2	16.02.23	Жасөспірімдерді сабақтан тыс жұмыспен қамту құқық бұзушылықтың алдын алу тәсілі ретінде	Алдын алу кеңесінің жоспарлы отырысы	Сынып жетекшілері; Пән мұғалімдері; ОТЖ жөніндегі директордың орынбасарлары; Психолог, Әлеуметтік педагог

3	Ай бойынша	КТІБ (кәмелетке толмаған істер бөлімі) есебінде тұрған оқушыларды бақылау. Оқушылардың отбасыларына бірлескен рейдтер. Мектеп оқушыларының бос уақытының өткізілуін бақылау.	Оқушылардың отбасыларына рейд жасау. Сауалнама, оқушылармен әңгіме жүргізу	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
	Наурыз			
1	Ай бойынша	Ата-аналармен кездесу. Отбасындағы тәрбие туралы жеке әңгімелер	Ата-аналармен, заңды өкілдерімен жұмыс, оқушыларға сұрақ қою.	Әлеуметтік педагог; ҚЮП өкілдері, сынып жетекшілері
2	15.03.23	Дәріс «Білім беру мекемесіндегі кәмелетке толмағандардың құқықтары»	Оқушылармен ұжымдық жұмыс.	Сынып жетекшілері
3	29.03.23	Құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі	Алдын алу кеңесінің отырысы	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; Әлеуметтік педагог; психолог; Сынып жетекшілері; ҚЮП өкілдері
	Сәуір			
1	Ай бойынша	ОДН инспектордың алдын алу кеңесінің өкілдерімен және сынып жетекшілерімен "тәуекел тобындағы" МІБ (мектепшілік бақылауда) және КТІБ есебінде тұрған балалардың отбасыларына, қолайсыз отбасыларға бірлескен рейдтері.	Жоспарлы рейд өткізу	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; Сынып жетекшілері; ҚЮП өкілдері
2	Ай бойынша	Профилактикалық сипаттағы жеке әңгімелер өткізу.	Оқушылармен жеке жұмыс.	ОТЖ, ТЖ жөніндегі директордың орынбасарлары; әлеуметтік педагог; психолог; Сынып жетекшілері, ҚЮП өкілдері
3	26.04.23	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Мектептегі мінез-құлық ережелерін бұзатын оқушылармен жұмыс. 3 тоқсанда дәлелсіз себептермен сабаққа қатыспаған және қанағаттанарлықсыз бағалары бар	Алдын алу кеңесінің жоспарлы отырысы	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог; Сынып жетекшілері

		оқушылармен жұмыс.		
	Мамыр			
1	Ай бойынша	Есепте тұрған оқушылардың жазғы алдын ала жұмыспен қамтылуы. Жазғы демалысты ұйымдастыруда түлектерге және оқушыларға жұмысқа орналасуға көмек көрсету.	Оқушылар мен заңды өкілдерімен сауалнама жасау; өтініштер.	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог; Сынып жетекшілері
2	Ай бойынша	Өткен оқу жылындағы КТІБ және МІБ-да есепте тұрған кәмелетке толмағандардың саны туралы деректерді салыстыру	Анықтамалар	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог; Сынып жетекшілері
3	17.05.23	2023-2024 оқу жылындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің жұмысын талдау. 2024-2025 оқу жылына арналған кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес жұмыс жоспарын, жұмыс кестесін жасау.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы туралы есебі.	ТЖ жөніндегі директордың орынбасары; әлеуметтік педагог; психолог;